Кіші революция атанған Голощекин қырғынының салдарынан туған аштық жылдары Қазақстанда көп адамның жарық дүниеден мезгілсіз өткенін енді ғана ашық айта алатын болдық. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1997 жылғы 6 маусымда Ақмолада өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының ІV сессиясында жасаған баяндамасында: «Қазақстандағы ашаршылық пен оның іш сүзетін індеті сияқты зардабының тікелей құрбандарының ара қатынасын ажырату қиын, алайда, осынау зорлық-зомбылықпен жасалған тәжірибе жалпы сапы 1 миллион 750 мыңдай адамның өмірін қиды, бұл республикадағы қазақ тұрғындарының 42 проценті», – деп атап көрсеткен болатын. Аудан аумағындағы аштан күйзелген адамдардың көпшілігі Ресейді паналап, жан сақтаған. Екі туып бір қалған ағайындылар бір-біріне жәрдем беретін халден айрылған. Тырнағын жібітіп, талған өзегіне талғажау таба алмағандар қаусаған сүйегін сүйрете алмай жол бойында, отырған орнында жан тапсырған [5, 93–96 б.].

Бұрыңғы Алқакөл болысы, Куйбышев, Краснокутск болып алма-кезек аталып келген аудан мұндағы тұрғындардың көңіл қалауымен қазір Ақтоғай ауданы болып картаға түсірілді. Ақтоғай ауданы жалпы жер көлемі бойынша облыстағы Баянауыл, Ертіс және Май аудандарынан кейінгі төртінші орынды алады. Өрлеу жылдарында егін шаруашылығы бойынша Ертіс және Железинка аудандарынан кейін үшінші орында жүрді. Ауданның 12 совхозында 346389 гектар егіс алаңы, 526777 гектар мал жайылымы, 34880 гектар қыр және тоғай шабындығы болды. Шаруашылықтардың осы кезеңде жетілдірілген құрылымдары өндіріс тиімділігін арттыруға жол ашты. Мәселен, алғашқыда шаруашылықтар: совхоз дирекциясы, бөлімше басқарушысы, егін шаруашылығы бригадасы, мал шаруашылығы бригадасы болатын. Өндірісті басқаруды ұдайы байыптап отырудың нәтижесінде басқару құрылымы: совхоз дирекциясы, егін бригадасы және мал фермасы сияқты екі сатылы басшылыққа ауыстырылды.

Аудан тұрғындарының саны 1939 жылы – 17131, 1953 жылы – 19882, 1959 жылы – 25687,

1970 жылы – 37642, 1979 жылы – 30346, 1990 жылы – 29054 адам болды. 2000 жылғы аудандағы 21056 тұрғынның 14822-і қазақ. Осы жылы балалардың тууы 1999 жылмен салыстырғанда 2,6 пайыз кем болғанымен, қаза тапқандар саны 20 адамға, яғни, 101 пайызға кеміген. Ал тарихи отандарына және нарық жағдайына байланысты қалаларға қоныс аудару мәліметіне қарағанда, 2000 жылы ауданға 401 адам көшіп келген, солай болғанымен, 778 адам көшіп кеткен. Тұрғандардың табиғи өсуі мен кері миграциялық сальдоға қарағанда, 2001 жылы тұрғындар саны 293-ке азайып, 20259 адам болды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Мундуинов, Е.** «Құтты елім-Қожамжар». – Павлодар, 2013.
- 2 **Жұмасейіт, Б., Мағзұмов, С.** «Ардақты елім – Ақтоғай». – Павлодар, 12.12.02. – Б. 36–245.
- 3 **Нығыманов, Қ.** «Соқпақ жол». – Алматы, 1982. – 15 б.
- 4 Ауданның көнекөз қарияларының әңгімелері (Б. Мұқажанов, А. Уақбаев, Қ. Хайруллин).
- 5 **Елтің, А. Қ.** – Тұзүйген бояулары кітабы. – Павлодар, 2014. – Б. 93–96.



Ә. Қ. Омар¹, Ж. А. Алибекова²

^{1,2}Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Бұл мақалада ХХ ғасырдың бас кезі аласапыран кезең жайлы феодалдық-патриархалдық кезеңде қараңғылық шырғаған халықтың азаттыққа, рухани жаңаруға аз ғұмырданда ұмтылып, қаншалықты қажеттілігін тарихи жағдайды негіздейді.

Кілтті сөздер: Ұлт азаттық, Айқап журналы, Ұлы ақын.

Сұлтанмахмұт Торайғыров аз өмірінде асыл қазына қалдырған. Бүгінгі ұрпақтың дұрыс қалыптасуына Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы оң әсерін тигізеді сөзсіз.

Сұлтанмахмұт өмірі, жасаған дәуірі мен шығармашылығы жайындағы мәліметтер көп адамға таныс. Барон де білетін сияқтымыз. Дегенмен жалпы жұртқа беймәлім «ақын құпиясы» да аз емес. Оның өмір сүрген ортасының күрделілігі мен қайшылықты сипаттары тудырған біраз туындылары да жабық күйінде қалып келді. Бүгін, көне мұраларымызды тугендеп, қайта қарап жатқан заманда Сұлтанмахмұтты да қайта оқу қажеттігі де осымен байланысты.

Сұлтанмахмұт өмір сүрген кезең – ХХ ғасырдың бас кезі – Ресей топырағындағы ең бір дүрсілкінің, азаттық үшін арпалыстың кезеңі болды. Бірімен бірі қабаттасқан үш бірдей төңкеріс патшашылдық биліктің тас талқанын шығарды. Отаршылдық езгінің әлсіреуі ұлттардың оянуын тездетті. Қазақ жеріндегі отаршылдыққа, әлеуметтік езгіге қарсы күрес те осындай жағдайда өрістеді. Патшаның отаршылдық саясаты еңсесін көтертпей, екінші жағынан феодалдық-патриархалдық мешеулік, қараңғылық шырғаған халықтың азаттыққа, рухани жаңаруға ұмтылуы қаншалықты қажеттіліктен туса, соншалықты сол кездегі тарихи жағдайдың сәттілігінен қолдау тапты. Оларды көшелі көсемдер – Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтар басқарды. Олар елдің дербес, тәуелсіз жолмен дамуына, мәдениет пен прогреске ұмтылуына жол салды. Сұлтанмахмұт осы идеяны жақтаушы болды. Ол туған халқын феодалдық кертартпа салт-сананың, қараңғылықтың езіп-жаншып отырғанын ашып көрсетер өткір, сыншыл өлеңдер жаза отырып, оларды ілгері ұмтылуға, өз тағдырын өзі жасауға қатысуға шақырды. Ұлттың азаттық жолындағы күресіне үн қосты. Ізашарлар соңынан еріп, қазақ халқына атар тар, келер жарық сәуле, нұрды солардың есімдерімен байланыстырды. «Таныстыру» (1918) поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов... бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым» деуінің негізгі сыры осында болатын [1].



Сурет 1 – С. Торайғыров

Кейде «Есіл – қайран ерім-ай, еліне берерін түгел бере алмай кетті-ау», – деп өкінетіміз бар. Иә, өкінішсіз өлім жоқ. Әйтсе де! Аз жасаса да, өртеніп өтетін, асыра асыл сыйлап үлгеретін арманына жететін алыптар болады! Олар, әрине саусақпен санарлықтай өте аз. Сол аз ғана әзіздердің біреуі қыршын классик, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров! Әдебиет тауларын нөмірлеуге мен де қарсымын. Сонда да пайғамбар ақын Абайдан кейінгі талассыз даусыз заңғар тұлға – Сұлтанмахмұт ақын!

Жиырма жеті жасының өзінде жүздегі абыздың ақылмен сөзін айтып кеткен, туған халқының туын биік еткен, кемеңгер перзенттерінің бірі де ақындардың сұлтанындай осы Сұлтанмахмұт!

Ұлы ақынның өлең-жырларын мен тілім шыға жаттап өстім. Өйткені, менің нағашыларым да, өз әкем де қадымша оқыған азаматтар еді. Нағашым Әбдірахман мен әкем Айтмағамбет – Уфадағы медресе Ғалияны бітірген кісілер. Ал анам Зейнеп тумасында ақын боп жаратылған уақыттан болар – балаларына Бұқар жырау, Көтеш, Абай, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев, Иса, Естай... өлеңдерін жастай жаттатты [2].

1913–1914 жылдары Сұлтанмахмұт белгілі журналист Мұхамеджан Сералинмен бірге Троицкіде шығатын «Айқап» журналында қызмет істеді, қазақтың алғашқы романдарының бірі «Қамар сұлуды» Торайғыров сол жылдары жазды. Қаражаттың жетіспеуі, денсаулықтың нашарлығы, тұрмыстың ауырлығы Сұлтанмахмұтқа көп қиындық келтірді. Әйтсе де ол қиындыққа қарсы тұра білді. Ол өмірдің мәні күресте, шындық жеңісінде деп ұқты. Бұған оның 1914 жылы жазған «Ендігі беталыс» деген өлеңіндегі:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,
Ризамын не көрсем де осы жолда,
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ бір табармын деп көңілім сонда, –
дегені айғақ.

Сұлтанмахмұт – барлық ұлт, бар халықты алаламай сүйген, адамзатты достыққа шақырған интернационалист ақын. «Арманым» атты өлеңінде: Барлық адам баласы,

Өзіндей көрсе өзгені,
– деп жырлаған ақын «Ұлт» атты өлеңінде бұл ізгі ойын былай дамытады:

«Кәпір» бар, мұсылман бар барлығы адам,

Оларды алалайтын қандай надан?

Өнер, білім, әділет кім қолдаса,

Қай ұлт болсын – бәрібір бауыр маған.

Осы шағын ғана шымыр шумақтардан арманшыл ақын Сұлтанмахмұттың өмірдегі, өнердегі кредосын тану қиын емес.

С. Торайғыров ел мүддесін, халық қамын ойлай білді. Бұл ақын творчествосынан анық танылады. Соның нақты бір мысалы 1914 жылы жазылған «Бір адамға» атты өлеңі:

Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп, –
дегенде ақын «ақсақал шал көрсеткен,
бір үйдегі жиюлы қазына мал» қарапайым халықтың, еңбекші бұқараның табан ақы, маңдай тері екендігін айтып отыр.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ өлеңіндегі Абайдан кейінгі асқар бел. Оның творчествосы Абай поэзиясы мен советтік дәуірдегі қазақ поэзиясын жалғастырушы алтын көпір іспеттес. Бұл туралы белгілі сыншы, белді ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Мұхамеджан Қаратаев: «Абайдың ізін баса шыққан Сұлтанмахмұт сияқты үлкен ақындар Ұлы Октябрь революциясы карсаңында Абай поэзиясын ту етіп көтеріп, үлгі тұтты» дей келіп былай деп жазды:

«Зорлап малға берген қыздың трагедиясын Абай: «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген сюжетті өлеңінде қысқа тұжырып көрсетсе, Сұлтанмахмұт осы тақырыпты «Қамар сұлу» сықылды романға арқау етеді» [3].

1920 жыл Сұлтанмахмұт үшін ауыр басталып, алып тынды. Халық үшін қызмет көрсетуге бел шешіне кіріскен ақынды бұрыннан ел билігін иеленіп қалғандармен, жаңа өкімет жолына кедергі қоюшылармен, азамат соғысы жылдарында күрес-қырқыс әлегін көп көрген елдің берекесіз мазасыздығымен алысу қатты қажытты. Кей болыстарда ояздық комитет тағайындаған уәкілдік мөлшері екінің бірінде бұзылып жатты. Бұған ру ішінің атаға, жікке бөлінуі қосылды. Бұрынғы болыс – би болғандар өз адамдарын, жанашыр жақындарын өткізіп қалуға күштерін салды. Дегенмен, сайлау жолындағы еңбек Сұлтанмахмұттың ел ішіндегі салмағын көтеріп тастады. Оған

қоса Баянауыл партия ұясы жанындағы қазақ-татар (кейін – ұлт істері) секциясының мүшесі ретінде (беделді жергілікті ұлт өкілдерінен партия мүшесі еместерді де пайдаланған) жаңа өкімет пен партия саясатын насихаттады.

Сұлтанмахмұт 1920 жылғы 21 мамырда тұсау қайтыс болған. Жаны қысылғанда екі иығынан дем алып, қара терге шомылған. Дәл сол кезде қайны яғни Мұқтар мен Күлзипа Ыбырайдың орнына бата оқып келіп жатыр екен. Үйде қонақ барлығын хабарлай келген Ыбырайдың Қасенінің әйелі өз үйіне қайта жүргізген. – Молда бала қысылып жатыр! – деуге ғана мұршасы жетіп, талып кетіпті. Бәрі де тұра-тұра осында жеткен. Мәликенің шешесі Күлзипа «Құлдығым-ай!», «Құлдығым-ай!» деп жылай беріпті. Көп кешікпей баласы Шайбайды ертіп Аппас та жетіпті. – Шайбай, сен дәрігерсің ғой. Абақам да дәрігер. Менің өмірімді бір жылға ұзартыңдаршы! Тым құрығанда он күнге. Бұдан әрі Сұлтанмахмұттың тілі күрмеле бастайды. Басы Аппас болып жылап жібереді. Ол қолына ұстай кірген ала тұсауын мойнына салып: «Құрбандығың болайын, Сұлтан! Орныңа өзімді атайын!»

– деп жылайды. Оған Шоқаң қосылады. Жиналған тума-туысқан қоршауында қадірлі қазақ ұлы, кемеңгер ақын қиылып жүре береді. Ақын ажалына жаны күй – зелгендердің бәрі де көздеріне жас алады. Әсіресе Бибіш ана мен Шоқпыт әке қатты дауыс етеді. Осы сәтте Сұлтанмахмұт өмірінің қалай үзілгендігін көзімен көріп тұрған Мәлике сіңлісі Нағима апаның айтуына қарағанда ақын әке-шешесінің зарлы даусы жиналғандардың сай-сүйегін сырқыратты, үлкен-кіші, ер-әйел отыра алмады дейді. Шіркін, сонда көпшілік орны толмас қазаға күйзеліп жүріп, Бибіш ананың зарын жазып алатын кісі болмады деседі. Сұлтанмахмұттың қайтыс болуы елдің жайлауға көшіп кетуімен тұспа-тұс келеді. Жалғыз-жарым пәтері мен үй айна – ласының шөбін қорып қалғандар болмаса, ауыл тұтас Келбетке жайлауға көшіп кеткен мезгіл екен [4].

Қортындылай келе Сұлтанмахмұт Торайғыровтың еңбектері мен өмір жолында жазған шығармалары үлкен қазына. Аз ғұмырында мол қазына қалдырды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қирабаев, С.** Егемен Қазақстан, №87-88, 17 сәуір, 1993 ж. (үзінді) «Жардарияның ұлы жылғасы».
- 2 **Әлімбаев, М.** Сарыарқа самалы, №80, 10 шілде, 1993 ж. «Ақындардың сұлтаны» (Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы мөлтек сыр).
- 3 **Досанов, С.** Көкшетау правдасы, № 110, 9 июнь, 1984 ж. «Тұлпардардың дүбірі» .
- 4 **Өтебаев, Е.** Сарыарқа самалы, №20, 18 ақпан 1992 ж. «Ақырғы күндер».



***М. И. Рахимов, Ж. Д. Кабиденова, Ә. М. Мұқатай**

Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

ИСТОРИЯ О ПРИНЦЕССЕ-ВОИТЕЛЬНИЦЕ – АЙ-КЕРІМ (ХУТУЛУН-ЧАХА)

Содержание данной статьи направлено на исследование жизнедеятельности исторической личности, жившей во второй половине XIII века, принцессы Ай-Керім (Хутулун). В исторической науке стоит отдельного рассмотрения улус Хайду хана и его потомков, где особого упоминания заслуживает его дочь принцессы Ай-Керім (Хутулун). Отголоски некоторых сведений о жизни Ай-Керім (Хутулун) дошли до нас в виде предании и сохранились в современном казахском обществе. В данной статье авторы хотели показать, что современное казахское общество является продолжателем, жившего когда-то в давние времена, тюркского народа и монгольской империи, а также тщательно рассмотреть и дополнить новыми сведениями о жизни принцессы Ай-Керім (Хутулун).

Ключевые слова: Ай-Керім, Ай жарык, Хутулун, тюрки, монголы, казахи, Великая степь, Казахстан, источники, карты.

В исторической науке есть немало примеров, когда по природе своей хрупких и слабых женщин выходили одаренные личности, которые своей мудростью, потрясающей находчивостью завоевывали авторитет среди главных лиц государства, да и сами лихо управляли страной. И также на войне, стоя бок о бок наравне с мужчинами, женщинам приходилось брать в руки оружие, защищать свой очаг и Родину от внешних угроз. А вот, когда мы говорим о великих женщинах Великой степи, многим на ум приходят скифская царица Томирис, жена Чингисхана Бортэ и Хулан, жена Абулхаир-хана Бопай-ханша, но история великих женщин не ограничивается только ими. Отдельного упоминания достойна и правнучка Угэдэй-хана Хутулун, которая также известна под тюркским именем Ай-Керім.

Главной целью данной статьи является изучение личности по восточным и западным историческим источникам и дать оценку данной выдающейся личности своей эпохи.

Данная статья опирается в первую очередь на исторические источники Марко Поло и Рашид-ад-Дина. В частности, эти

данные взяты из трудов Марко Поло «Книга о разнообразии мира» и Рашид-ад-Дина «Повествование об Угедей-каане, сыне Чингиз-хана, а оно в трёх частях». Помимо данных исторических источников эта статья опирается на труды русского тюрколога Василия Бартольда «Очерк истории Семиречья» и американского историка Моррис Россаби «Золотой век империи монголов».

На сегодняшний день историческая наука знает широкий ряд исследовательских методов. На основании этих методов будет сформирована научная база данной работы. Так как данная статья касается определенной исторической личности, то она должна быть написана на основе принципа историзма. Т.е. при изучении биографии, имени в различных исторических источниках, характеристики конкретной личности должны быть рассмотрены в соответствии с той исторической и геополитической обстановкой, ибо нельзя рассматривать историю личности в отрыве от времени и места, в котором она жила.

В ходе исследовательской работы использовались и методы межпредметного

исследования. Исследование темы на межпредметном стыке философского, географического, психологического, религиоведческого, социологического, этнографического, искусствоведческого, краеведческого и топонимического знаний дало возможность всесторонне анализировать значение имени Хутулун, раскрыть её личность и сделать определенные выводы.

Помимо этого данная статья применяет идеографический (нарративный) метод. Этот метод позволяет нам на основании описания фактов, явлений и событий рассмотреть личность принцессы Ай-Керім в перспективе исторической личности. Также этот метод нам дает возможность описать основные моменты биографии и психологические аспекты данной личности в контексте её времени.

При изучении жизни и личности Ай-Керім (Хутулун) мы должны прибегнуть к западным и восточным историческим источникам за авторством фактически её современников. Из западных авторов о ней оставил очень ценные данные Марко Поло в своём труде «Книга о разнообразии мира», а из восточных авторов о ней важные данные оставил Рашид-ад-Дин в своём труде «Повествование об Угедей-каане, сыне Чингиз-хана, а оно в трёх частях». Стоит отметить, что оба данных автора, несмотря на свое разное происхождение, были близко знакомы спотомками Чингисхана. Так Рашид-ад-Дин состоял на государственной службе в государстве Хулагидов и был там одним из самых важных государственных деятелей, а Марко Поло имел тесное взаимодействие со двором Хубилай-хана. Оба средневековых автора были близки к дворам Чингизидов, из-за чего сложно подвергнуть сомнению авторитетность и достоверность касательно личности и биографии Ай-Керім.

Среди исследователей истории Семиречья стоит также обратить внимание на труд выдающегося востоковеда и тюрколога Василия Бартольда «Очерк истории Семиречья». В данном труде он уделяет большое внимание монгольскому государству отца Ай-Керім Хайду, где описывает жизнь Ай-Керім и её взаимоотношения с отцом. Помимо всего прочего, данный труд ценен тем, что на основе сочинений Джемаля Карши подтверждает правдивость сведений

Рашид-ад-Дина про Хайду и его дочь Ай-Керім.

Также для того, чтобы понять, где жила Ай-Керім со своей семьей после своего замужества, следует обратить свое внимание на книгу Турсуна Икрамовича Султанова «Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и Власть».

Помимо всего прочего интересны сведения французского востоковеда Анри Кордые касательно тюркского имени Хутулун, который он дал в комментариях к английскому переводу труда Марко Поло Книга о разнообразии мира» от Генри Юля. А в книге Джека Уэзерфорда «The Secret History of the Mongol Queens: How the Daughters of Genghis Khan Rescued His Empire» даются ценные сведения о происхождении монгольского имени Хутулун и других аспектах её биографии.

Ай-Керім, или как её ещё называют источниках Хутулун, была одной из многочисленных детей Хайду, правнучкой Угедей-хана и праправнучкой Чингис-хана. У неё было две имени, тюркское и монгольское. Касательно происхождения монгольского имени Хутулун Джек Уэзерфорд даёт сведения, согласно которым её имя происходит от монгольского «Hotoi Tsagaan», что переводится как полностью белая [1, с. 136]. А вот путешественник Марко Поло называет её вторым именем как Ангиарм (Marco Polo 1903, 465). По нашему мнению со стороны матери, возможно, оно имело тюркские корни. Французский востоковед Анри Кордые в своем примечании касательно тюркского имени Хутулун к английскому переводу книги Марко Поло «The Travels of Marco Polo» говорит о том, что в манускриптах Потье её имя пишется как «Agiain» и «Agyanie», а в манускриптах Бёрне как «Agyanic». Однако наиболее достоверными он считает вариант «Agiaruc», что означает яркая Луна.

В современных тюркских языках имени «Agiaruc» полностью соответствует такое имя как «Айжарық», которое правда у нынешних тюркских народов обычно дают мальчикам. Однако Анри Кордые ссылаясь на венгерского востоковеда и путешественника Арминия Вамберри пишет о том, что данное имя встречается среди казахских женщин. Когда как этот вариант имени Хутулун как «Agiaruc» схож на весьма популярное казахское имя как «Әйгерім», которое встречается только среди женщин.

Хотя значение этого имени связано с Луной, но точное значение этого имени «красивая как луна», и к тому же она наполовину имеет арабское происхождение. Но мы не могли проигнорировать существования и такой вариации казахского имени, как «Әйгерім», поэтому хотели остановиться именно на тюркское название принцессы – Ай-Керім и подробнее систематизировать её жизнедеятельность.

Исторические источники, к сожалению, не дают никаких сведений о том, когда она родилась. Лишь в книге «The Secret History of the Mongol Queens: How the Daughters of Genghis Khan Rescued His Empire» за авторством Джека Уэзерфорда упоминается, что Ай-Керім родилась около 1260 года без каких-либо ссылок на исторические источники [1, с. 136].

Отец Хутулун Хайду хан родился 1236 году. По описаниям Рашид ад Дина был монголом среднего роста, безбородым, крепкого телосложения. Очень был умным и хитрым человеком, талантливым полководцем и грамотно управлял государственными делами. Его отцом был пятый сын Угедея Каши, который злоупотреблял алкоголем и скончался в молодом возрасте. Мать Хайду Шабканхатун была родом из немонгольского

племени бекрин(мекрин), которые обитали в горных районах Тянь-Шаня по соседству с уйгурами. Источники сообщают, что Хайду, в отличие от отца, никогда не употреблял ни вина, ни кумыса, ни соли. Он вырос в ставке Чингизхана. После смерти Угедея хана находился на службе у Менгу хана, а после него хотел возвести на престол брата Хубилая Арык- Бугу. Об этом узнал Хубилай хан и между Хайду и Хубилаем произошли несколько военных столкновений, где Хайду удалось забрать некоторые части Хубилай хана. Он также тесно сотрудничал с потомками старшего сына Чингизхана Джучи и неоднократно опирался на их поддержку [2, с. 12].

В 1269 году в курултае монгольских племен, собравшихся на реке Талас, Хайду объявил о полной независимости нового государства от Монгольской империи.

Государство Хайду включало в себя земли улусов Угэдэя и Чагатая, занимая территорию от Алтая до Амударьи, включая Восточный Туркестан. Поскольку он пришел к власти при поддержке чингизидов, он щедро одаривал их ярлыками на правление отдельными улусами внутри государства. Чуйская долина стала личным владением самого Хайду, здесь располагалась его ставка. По сведениям Раши ад Дина, у Хайду

были двадцать четыре сыновей. Среди них известны имена только двух дочек. Первая известная нам Ай-Керім (Хутулун), вторая, младше её, Хорточин-Чаха, которую Хайду хан, чтобы укрепить союз с Хулагидами, выдал замуж за Тобшина.

Старшая дочь Ай-Керім была любимой дочерью Хайду из его всех многочисленных детей [2, с. 15]. Как рассказывает Марко Поло она имела в своем характере повадки юности, была очень красиво сложена, высокая да плотная, светловолосая, обладала недюжинной силой. С ранних лет она ходила вместе с отцом на охоты, оттачивая свое мастерство в военном искусстве. Неоднократно ходила в военные походы и даже, отправляясь к врагам, силою захватывала вражеских воинов и присоединяла их своим воинам. Такие подвиги на поле боя она совершала множество раз. Мы можем предположить, что Ай-Керім стала любимым дитём Хайду не просто так. Как известно в обществе кочевников женщины могли наравне с мужчинами участвовать в походах и войнах. Но не стоит забывать и о том, что женщинам для достижения того же уровня мастерства в военном деле, что и мужчины, следует прилагать большие усилия, чем мужчинам

из-за их физиологических особенностей. И Ай-Керім пришлось приложить немалые усилия для того, чтобы не только овладеть военным делом наравне со своими братьями, но и даже превзойти их в этом деле. Видя старания и трудолюбие своей дочери, Хайду наверняка заметил высокое мастерство в военном деле у Ай-Керім, что и позволило ей стать его любимым ребёнком.

Основными источниками информации касательно личной жизни Ай-Керім являются труды Марко Поло и Рашид-ад-дина. Их сведения касательно многих моментов её личной жизни различаются, но так же в них имеются и общие моменты.

Марко Поло пишет о том, что Ай-Керім, будучи умелой в военном деле, вовсе не желала выходить замуж и дала согласие выйти замуж отцу только при условии, что жених победит её в борьбе. Хайду согласился с этим условием и была отправлена весть об этом по разным странам. По условиям борьбы победит тот, кто повалит соперника на землю. Если жених победит Ай-Керім, то он на ней женится, а если нет, то он дарит Ай-Керім 100 коней. Таким образом она выиграла более десяти тысяч коней.



Карта 1 – Карта Монгольской империи XIII –XV вв. из Исторического атласа Уильяма Р. Шепарда, 1923 г. [Map 1 – Map of the Mongol Empire XIII-XV centuries from William R. Shepard's Historical Atlas, 1923]



Рисунок 1 – Средневековая миниатюра, которая иллюстрирует участие Ай-Керім (Хутулун) в борьбе. Является иллюстрацией к книге «Marco Polo, Livre des merveilles; Odoric de Pordenone, Itinerarium de mirabilibus orientalium Tartarorum» [Fig. 1 – Medieval miniature that illustrates the participation of Ai-Kerim (Khutulun) in the struggle. It is an illustration for the book "Marco Polo, Livre des merveilles; Odoric de Pordenone, Itinerarium de mirabilibus orientalium Tartarorum"]

Но в 1280 году пришел сын некоего богатого царя со своими товарищами и с тысячей прекрасных лошадей, которого Марко Поло наделяет исключительно положительными качествами. Вот что он сообщает: «Случилось, что в 1280 г. по Р. Х. пришел туда сын богатого царя. Был он молод и красив. Было у него много красивых товарищей, и вел он с собою тысячу прекрасных коней в уплату деве за свою попытку. Как пришел этот царский сын, тут же объявил, что хочет помериться силой с девой. Обрадовался царь Хайду; хотелось ему, чтобы юноша женился на дочери, ибо знал, что тот сын царя. И скажу вам, велел царь Хайду сказать дочери тайно, чтобы она поддалась; а дочь отвечала, что ни за что в свете этого не сделает. И что вам сказать? Знайте, собрались в большом покое и царь, и царица, и много мужей и жен. Пришла царская дочь и сын царя. Такие оба красавца, что диво на них глядеть. Юноша, скажу вам, был и силен, и крепок, не было ему равного по силе. Вышли оба на середину покоя, народу было тут много, и заключили между собой договор: коль юноша не победит, так проигрывает ту тысячу коней, что привел с собой. И схватились после того дева с юношей. Кто на них ни смотрел, всякий в душе желал, чтобы юноша победил и стал мужем царской дочери. И царь, и царица желали того же. Коротко сказать, схватились они оба, один тянет в одну сторону, другая в другую, но случилось так, что царская дочь победила и бросила юношу на дворцовый пол. Так-то и был побежден царевич» [4, с. 316–317]. К сожалению, нет никаких сведений о том, кем был этот жених и откуда он пришёл и все, кто наблюдал за этим поединком, сильно в конце расстроились. Иллюстрация (рис. 1).

Французский востоковед Анри Кордье в своем примечании касательно тюркского имени Ай-Керим (Хутулун) к английскому переводу книги Марко Поло «The Travels of Marco Polo» пишет о том, как Ибн Баттута сообщает о принцессе Урдуйя, которую он встретил в некоем арстве Тавалиси по пути в Китай.

Вот что сообщает арабский путешественник Ибн Баттута о другой воинственной принцессе Урдуйя: «Я слышал, что разные сыновья царей искали руки Урдуйя, но она всегда отвечала: «Я выйду за того, кто будет сражаться и покорит меня»; и все они избегали испытания, боясь позора

быть битыми ею». Она также как и Ай-Керим была согласна выйти замуж только за того, кто победит её в бою. И на основании этих данных Анри Кордье приходит к выводу, что на Малайском архипелаге существование такой принцессы с тюркским именем является вымыслом. Возможно Ибн Баттута рассказывал историю Ай-Керим (Хутулун), но получил неверные данные о местоположении Ай-Керим [5, с. 465].

Жизнь Ай-Керим без мужа вызвала много сплетен не только среди окружения ее отца, но и среди летописцев соседних мусульманских территории. Так, например, Рашид-ад-дин повествует о том, что Хайду не выдавал её замуж и данный факт привёл к тому, что среди народа стали распространяться слухи об инцесте между Хайду и Хутулун. Когда гонцы Хайду приезжали к Газан-хану, Ай-Керим (Хутулун) отправляла ему письма с дарами и в них передавала: «Я стану твоей женой, за другого замуж не пойду» (Рашид-ад-дин 1960; 15). Однако несмотря на все свои заявления Ай-Керим так и не вышла за него замуж. Уэзерфорд это объясняет тем, что Ай-Керим не желала покинуть Степь и начать жить жизнью мусульманской жизни [6, с. 142]. В конце-концов, понимая, как негативно могут повлиять эти сплетни на репутацию отца, она вышла замуж, отказавшись от привычной схватки перед церемонией. Хайду выдал Ай-Керим (Хутулун) замуж за некоего Абтакула из рода Курлас. Рашид-ад-дин также пишет о том, что Ай-Керим (Хутулун) сама добровольно вышла замуж за Абтакула и у неё от Абтакула есть двое сыновей.

Владимир Бартольд в своём очерке истории Семиречья, ссылаясь на Рашид-ад-дин, пишет о том, что Ай-Керим (Хутулун) вышла замуж за стольника Хайду, который по происхождению был китайцем [7, с. 56]. Возможно некий Абтакул и был тем самым стольником Хайду за которого вышла Ай-Керим (Хутулун). Однако если этот Абтакул был китайцем, то является весьма странным явлением что Рашид-ад-дин указал его род.

Рассвет и укрепление её власти под покровительством отца приходит на период 1280–1301 годы. В этот период Ай-Керим (Хутулун) и ее отец защищались от постоянных посягательств Хубилай хана Западные части Монголии и юго-восточные части современного Казахстана. Благодаря триумфам в борьбе Ай-Керим (Хутулун),

стала идеальной спутницей для своего отца на войне. Ее присутствие рядом с ним в походах придавало воинственный дух войнам и становилось гарантией вероятной победы над вражескими силами.

В начале XIV века из-за участвовавших атак со стороны Юаньской империи Хайду хану и Дува хану (потомок Чагатай хана) пришлось обороняться. После 4 летней войны войска Хайду хана были разбиты. Сам Хайду в это время был тяжело болен и умер в местности Тайхан-нур.

После смерти в 1301 году его (Хайду хана) похоронили в горной местности на юго-западе современного Казахстана под названием Шонхорлык, что находится между реками Или и Чу, где располагалась ставка хана (Султанов 2006, 153). Туда же

переехала Ай-Керим (Хутулун) со своей семьёй, которая охраняла захоронение своего отца (Рашид-ад-дин 1960; 15–16). Рашид-ад-дин также упоминает о том, что у Ай-Керим (Хутулун), в виду её характера, было страстное желание участвовать в управлении государством. Она желала, чтобы наследником престола Хайду занял её брат Урус. Её братья, Дува и Чапар, сказали ей, что она ничего не понимает в государственных делах. Рассердившись на них, Хутулун отстранилась от них и теперь твердо встала на сторону Уруса (Рашид-ад-дин 1960; 16). Во время междоусобных войн за престолонаследия между братьями Ай-Керим (Хутулун) погибает в 1306 годах вместе с Урусом от рук Чапара и других братьев.

В культуре:



Рисунок 2 – «Turandot» гравюра Жоржа Франсуа Луи Жакемо, по рисунку Артура фон Бамберга, 1859 год.
[Fig. 2 – "Turandot" engraving by Georges Francois Louis Jaquemaux, after a drawing by Arthur von Bamberg, 1859]

Ученый Франсуа Пти де ла Круа, работая над биографией Чингисхана, после путешествия по востоку опубликовал книгу сказок и басен. Героиней одной из них была принцесса Турандот («турецкая

дочь» или «дочь Турана»), пообещавшая выйти замуж только за того, кто победит ее в поединке. Правда, сражение в сказке было интеллектуальным, а проигравшего казнили.



Рисунок 3 – Художественный образ костюма Турандот, созданный Умберто Брунеллески в опере Пуччини «Турандот», 1926 год
 [Fig. 3 – Artistic image of the Turandot costume, created by Umberto Brunelleschi in Puccini's opera "Turandot", 1926]

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Jack Weatherford. The secret history of the mongol queens. – 2010. – 136 с.
- 2 Рашид ад-Дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Ю. П. Верховского, редакция проф. И. П. Петрушевского. – М., Л. : Издательство Академии Наук СССР, 1960. – Т. 2. – 12-13 с.
- 3 Рашид ад-Дин. Сборник летописей / Пер. с персидского Ю. П. Верховского, редакция проф. И. П. Петрушевского. – М., Л. : Издательство Академии Наук СССР, 1960. – Т. 2. – 16 с.
- 4 Марко Поло. Путешествие Марко Поло : Пер. старофр. Текста И.П. Минаев. – СПб., 1902. – (Записки имп. рус. геогр. о-ва по отд-нию этнографии; Т. XXVI). – 316-317 с.
- 5 Jack Weatherford. The secret history of the mongol queens. – 2010. – 142 p.
- 6 Турсун Султанов. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – 2006. – 153 с.
- 7 Владимир Бартольд. Очерк Истории Семиречья. – 1943. – 56 с.
- 8 Marco Polo. The book of ser Marco Polo the Venetian concerning the kingdoms and marvels of the east translated and edited, with notes, by colonel sir Henry Yule, r.e, c.b., k.c.s.i., corr. inst, france. In two volumes. – Vol. II with maps and illustrations. – 1903. – 465 p.

Позже Лесаг написал по этой сказке комическую оперу, только назвал почему то её «Китайская принцесса», а Карло Гоцци пьесу «Турандот». Позднее Шиллер перевел ее на немецкий, а Гете поставил ее на сцене в 1802 г., а более века спустя итальянский композитор Джакомо Пуччини создаст оперу Турандот, прототипом которой была принцесса Турана Ай-Керім.

Так история о Хутулун в искаженном виде стала литературным сюжетом и театральной постановкой в рядах Европейских стран.

Кроме этого в традиции казахского народа есть национальная борьба – казахша курес. Возможно, одним из основоположников данного вида спорта и является принцесса Ай-Керім, так как данный вид спорта очень распространен на территории Турана, что это дань памяти величайшей женщине-борцу в монгольской истории.

Таким образом, на основе западных и восточных исторических источников можем

прийти к выводу, что Ай-Керім (Хутулун) была одной из самых выдающихся и интереснейших женщин своего времени, которая участвовала в политической жизни Семиречья тех времён. В дальнейшем на основе новых найденных источников мы сможем дополнить и без того её богатую биографию.

Для кочевых этносов Великой Степи не было удивительным, когда женщины наравне с мужчинами принимали участие в походах и битвах и участвовали в политической жизни государства. И насыщенная на различные события жизнь Ай-Керім (Хутулун) тому является ярчайшим примером, когда девушка, благодаря своему упорству, достигла невероятных высот в военном деле. В наш нынешний век, когда вопрос равноправия между мужчинами и женщинами становится всё более актуальным, биографии таких личностей как Ай-Керім (Хутулун) показывают, что равноправие полов для кочевников никогда не было чем-то чуждым.

Ф. А. Шакарова, Д. Ж. Билялова

Торайғыров университеті, Республика Казахстан, Павлодар қ.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада кеңестік қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы Алаш зиялыларының маңызы мен рөлі талданылады. Алаш қайраткерлерінің кеңес заманында жүргізілген ағартушылық ісі кеңестік қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы қандай рөл ойнағаны бұл мақалада жан-жақты қарастырылады.

Кілтті сөздер: Алаш-Орда, КСРО, Кеңес заманы, Алаш зиялылары, Кеңес интеллигенциясы, Ағартушылық.

Қазақстандағы бүкіл тегі қазақ зиялы қауымының барлығының дерлік негізін кезінде Алаш зиялылары салды деп нақты айтуға да болады. Алаш зиялылары ғылымның, филология, лингвистика, тарих, медицина, геология, математика, биология және де тағы басқа салаларындағы ауқымды ағартушылық және ғылыми жұмыс жүргізген еді. Ал енді олардың қарқында негізінде кеңестік заманда қазақ интеллигенциясының жаңа және де бұқаралық ұрпағы пайда болды.

Бұл мақаланың басты мақсаты кеңес заманындағы қазақ интеллигенциясы дегеніміз не және де оның қалыптасуында Алаш зиялылары қандай рөл ойнағандығын жан-жақты қарастырып зерттеу болып табылады.

Ең алдымен бұл мақала алдына қойған күрделі мәселені жан-жақты қарастырып зерттеу үшін біз ең алдымен қандай деректерге негізделетіңізбен анықталуымыз тиіспіз. Сондықтан осы мақала ең алдымен Алаш зиялыларының ағартушылық қайраткерлігіне қатысты әртүрлі мақалалар мен ғылыми еңбектері және Алаш зиялы қауымының өкілдерінің

өз еңбектеріне негізделеді. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық ісіне қатысты деректер «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының оның тұлғасының ағартушылық қайраткерлігіне арналған кейбір мақалаларына, ал Елдес Омарұлы мен Жүсіпбек Аймауытов секілді Алаш зиялыларының ағартушылық қайраткерлеріне келетін болсақ, онда осыған қатысты деректер ең алдымен олардың шығармаларының жинақтарындағы осы жинақтардың құрастырушыларынан берілген ақпараттарға негізделеді.

Интеллигенция дегеніміз кімдер? Бұл нақты жауабы жоқ өте көлемді және ауқымды сұрақ болып келеді. Бұл терминге нақты анықтама да әлі күнге жоқ. XX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихы қарастырылған кезде тарихшы ғалымдар бұл кең мәселеге көп назар аударады, өткені интеллигенциясыз ешқандай да қоғам толыққанды өмір сүре алмайды. Бірақ қоғамдағы белгілі бір кезеңдегі интеллигенцияның пайда болуы мен қалыптастыру тарихын қарастырған кезде, біз интеллигенция

ұғымына негізінен көбінесе сол кеңес заманындағы білімі бар және сол кеңестік қазақ қоғамында өз білімі мен құзыреттілігінің арқасында белгілі бір дәрежедегі беделге ие адамдарды жатқызамыз. Яғни біз интеллигенция ұғымына негізінен өзінің ішіне ғалымдарды, жазушыларды, ақындарды, пәлсапашыларды, дәрігерлерді, заңгерлерді, журналисттерді, мұғалімдерді және де тағы басқа адамдарды жатқызамыз.

Кеңестік замандағы зиялы қазақ қауымын қарастырған кезде оның қалыптасуындағы Алаш-Орда зиялыларының зор рөлін келемеждеу мүлде мүмкін емес. Ең алдымен кеңестік қазақ зиялы қауымының қалыптастыру факторларына келетін болсақ, онда интеллигенцияның қалыптасуына ең зор әсер ететін факторлардың қатарына білімнің кең таралуын жатқызуға болады. Бірақ кеңес заманының алғашқы жылдарында орыс тілі Қазақстан мен қазақтар мекендеген территорияларда кеңес заманының кейінгі жылдарына қарағанда соншалықты кең таралмағандықтан кеңестік қазақ интеллигенциясының қалыптасуы үшін қазақ тілінде жазылған оқулықтар мен оқу материалдары қатты қажет керек болған еді. Сондықтан қазақ халқының кеңестік заманындағы бұқаралық

зиялы қауымының пайда болуы қазақ тілінде жазылған оқулықтар мен оқу материалдарынсыз қалыптасуы мүмкін емес болған.


Сондықтан кеңестік қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы Алаш-Орда зиялыларының рөлін қарастырған кезде, біз көбінесе бұл тарихи құбылысты Алаш-Орда қайраткерлерінің қолымен жазылған қазақ тіліндегі оқу материалдары мен оқулықтары және олардың қазақ халқының арасындағы қазақ тіліндегі жүргізіліп тұрған ағартушылық ісі арқылы қарастыруға тиіспіз. Кеңестік қазақ интеллигенциясы ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы бұрынғы Алаш-Орда зиялыларының қолдарымен жазылған оқу материалдарымен бірге пайда болды деген тұжырымдама өтірік болмас еді. Осы оқулықтардың ең белгілеріне Ахмет Байтұрсынұлының – «Тіл – құрал», «Әліппе» және «Әдебиет танытқыш», Елдес Омарұлының – «Пішіндеме», Халел Досмұхамедұлының – «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі» мен «Табиғаттану», Жүсіпбек Аймауытұлының – «Психология», Жұмахан Күдериннің – «Өсімдіктану», Мағжан Жұмабайұлының – «Педагогика» және де Міржақып Дулатұлының – «Есептану» секілді оқу материалдарын жатқыза аламыз [1, 13 б.].



Сурет 1 – Қазақ зиялыларының ортақ фотосуреті. Солдан оңға қарай: Х. Ғаббасов, Ж. Аймауытов, М. Дулатұлы, Ә. Марғұлан, А. Байтұрсынұлы, А. Байтасов, М. Әуезов. Қызылорда қ., 1926 ж.

Кеңестік қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы Алаш-Орда қайраткерлерінің ағартушылық ісінің әсерін талдаған кезде, осы мәселені Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлігінің қарастырылуынан бастау жөн болады деп ойлаймыз. Ахмет Байтұрсынұлы кеңестік қазақ интеллигенциясының қалыптасуында барлық бағыттарда жұмыс істеді деуге де болады. Ахмет Байтұрсынұлы кеңес заманының алғашқы жылдарында Оқу-ағарту комиссарының қызметін атқарған еді. Осы қызметте Ахмет Байтұрсынұлы Оқу-ағарту комиссариатының губерниялық, уездік және болыстық бөлімдерін ұйымдастырып, жаңа мектептер жүйесін қалыптастырған еді. Бұл жұмыстың барысында Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл


– құрал», «Әліппе» және «Әдебиет танытқыш» секілді оқу материалдарын жазып олардың басылым мәселелерін шешкен. Ахмет Байтұрсынұлы мен басқа да Алаш зиялыларының күшімен Орынбор қаласында 1921 жылы ашылған Қазақ Халық Ағарту Институты 1921 жылы енді 140 жуық қазақ тілінде мұғалімдерді даярлаған еді. Осылай Алаш зиялылары кеңестік қазақ тілді қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы негізгі іргетасын қалаған еді [2, 112 б.]. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлы тек қана мектеп оқушыларына ғана арналған оқу материалдарын жазуымен шектелмей, сонымен қоса мектеп мұғалімдеріне арналған «Тіл жұмсар» және «Баяншы» секілді оқу құралдарын құрастырған еді [2, 106 б.].



Сурет 2 – Ахмет Байтұрсынұлы жазған «Оқу құралы – Қазақша әліппе» және «Баяншы» оқу құралдарының мұқабалары

Кеңес заманында пайда болған қазақ интеллигенциясының жаңа ұрпағының қалыптасуында зор рөл ойнаған Алаш зиялыларының бірі Елдес Омарұлы болып табылады. Елдес Омарұлы ХХ ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап мектеп оқушыларына арналған қазақ тілінде физика, математика, геометрия, орыс тілі мен Қазақстан тарихына арналған оқулықтар мен миерзімдік басылымдарға

өзінің мақалаларын жариялаған. Қазақ жұртының мемлекетілігі мен этногенезіне арналған «Қазақ тарихынан» мақаласы «Қазақ календары» жеген журналында жарияланған. Бірақ Елдес Омарұлы геометрия ғылымының терминдерін қазақшалап бұл ғылымның саласына арналған «Пішіндеме» деген оқулығымен негізінен белгілі [3, 273–274 б.].



Сурет 3 – Елдес Омарұлы жазған «Пішіндеме» оқулығының II бөлімінің ұқабасы

1920 жылы Ахмет Байтұрсынұлы кеңес заманының алғашқы жылдарында Оқу-ағарту комиссарының қызметін атқарса, оның орынбасарының қызметін Жүсіпбек Аймауытұлы атқарған еді. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлына қараған ол өзінің қызметінен тез кеткен еді. Бірақ 1922 жылдан бастап ол өзінің ағартушылық ісін педагогикалық қызметпен атқарған болатын. 1922–1923 жылдары Қарқаралыда

калалық мектепте, 1923–1924 жылдары Орынборда халық ағарту институтында, 1924–1925 жылдары Ташкент халық ағарту институтында, 1925–1926 жылдары Орынбор әскери мектебінде сабақ беретін болды [4, 7 б.].

Жүсіпбек Аймауытұлы қалың бұқараға көбінесе драматург ретінде белгілі болса да, бірақ та оны қазақ педагогикасы мен психологиясының іргетасын салушылардың бірі деп те айтуға болады. Оқу-ағарту комиссарының орынбасар қызметін тастағаннан кейін педагогикалық қызметімен Жүсіпбек Аймауытұлы 1924 жылы мектеп мұғалімдері мен педагогикалық оқу орындарында оқитындарға арнап «Тәрбиеге жетекші» (Орынбор, 1924. Госиздат, 86 бет), 1926 жылы екі кітап, бірі – «Психология» (Қызылорда – Ташкент), екіншісі – «Жан жүйесі және өнер таңдау» (М. «Центриздат», 81 бет), 1929 жылы «Комплекспен оқыту жолдары» (Қызылорда, Қазгосиздат, 129 бет), мектеп оқушыларына арналған «Жаңа ауыл» (бастауыш класқа арналған оқу кітабы, Алматы, 1929–30 жж.) және «Сауатсыздықты қалай жою керек?» кітаптарын шығарды [5, 358 б.].

Қорыта келсек, кеңестік қазақ зичлы қауымы Алаш-Орда зиялыларының ағартушылық ісінің арқасында қалыптасты деген тұжырымдамаға келе аламыз. Әрине, тарих ғылымында шартты райы жоқ, бірақ Алаш зиялыларысыз кеңестік қазақ интеллигенциясы сол түрінде мүлде болмас

деп те айтуға болады. Қаныш Сатпаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов секілді қазақ халқының көрнекті өкілдері өзінің қайраткерлігімен қазақ жұртының ұлттық сана-сезімін сақтап кеңестік тоталитарлық жүйенің қабағында Алаш зиялыларының ізімен жүруді тоқтатпаған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Құрманбайұлы, Ш.** Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар): Монография.– Алматы, 2008. – 240 б.
- 2 Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Алматы, 2022. – 531 б.
- 3 **Омарұлы, Е.** Шығармалар. – Қостанай, 2016. – 342 б.
- 4 **Аймауытұлы, Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы, 2013. – 384 б.
- 5 **Аймауытұлы, Ж.** Алты томдық шығармалар жинағы. IV том. – Алматы, 2013. – 384 б.



Сурет 3 – Елдес Омарұлы жазған «Пішіндеме» оқулығының II бөлімінің мұқабасы

А. Ж. Амангельдинова

Торайғыров университеті, Республика Казахстан, Павлодар қ.

БӨРЛІ ЕСКЕРТКІШІ

